

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасының

Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы.

№1

27.08.2023ж

Қатысқандар:14

Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарламаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау.
2. Оқу қызметінің кестесін бекіту.
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу.
4. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама білім берудің жаңа мазмұны».
5. Түрлі сұрақтар.

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңесің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төрайымы), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер кіретіндігін айтты. Соғымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан бір жылдық мерзімге хатшы сайлау керетігін айта отырып 2023-2024оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Сланбекова А. сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

Сөз сөйлеген: Әдіскер Төлебаева Г. 2023-2024оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын –сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айтып өтті.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2023-2024оқу жылының жылдық жоспары 5-бөлімнен тұрады.

2023-2024оқу жылына мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін-өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында:

-Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, сауатты өмір салтына тәрбиелеу.

- Рухани –адамгершілік тәрбие мазмұнының қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келсі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтарға өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланады. Сондай-ақ 2023-2024жылдық жоспарда оқу жылына 4 педагогикалық кеңес, Зәдістемелік кеңес, Зрет балалардың негізгі құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау индекаторы жоспарланады. Балабақшаның оқу – тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар жоспарланады. Оқу жылы барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланады. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3жалпы, 3топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс-шаралар, ашық есік күндері жоспарланады.

2023-2024оқу жылының жылдық жоспарын балабақша меңгерушісі, әдіскері бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеніздер бекітейік.

1. Сөз сөйлеген:

Әдіскер Төлебаева Г жылдық жоспарды барлық педагогтың жопады жүзеге асыру рөлі,ұйымның мақсат-міндеттері,іс-әрекет және қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген.Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндейді.

2. Сөз сөйлеген :

Кудирбекова Ш.Б. онда жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2024оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

Тыңдалды:

Әдіскер Төлебаева Г 2023-2024оқу жылына Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындауды қарастырады.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады. Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға (3-қосымша) құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап ұйымдастырылған оқу қызметін (бұдан әрі-ҰОҚ), серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етеді деді.

Әдіскер топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарын бекітті.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Кудирбекова Ш.Б. педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөледі. Және әр тәрбиеші өз ісіне мұқият, әрі талапқа сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айтып кетті.

ТЫҢДАЛДЫ:

Кудирбекова Ш.Б

Кадр мүшелеріне «Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жана мазмұны» атты баяндамасы мен таныстырды.Баяндама талқыланды,балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айтылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар маңызды болмақ: Педагог шебер сұрақ қоюшы болуы қажет. Ықтимал себептері оқудағы олқылықтарды анықтау үшін ;Балалардың ойларын бағыттау үшін;бағалау үшін; Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін; Тақырыпты қайта қарау үшін; Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін; Күрделендіру үшін; Сұрақ жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін, Түсінуге көмектесу үшін, бағамдау үшін.Білім берудің жаңарту жолдары біліктілікті арттыру.

Бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық пайдалану,коммуникатциялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту .
6. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту қажеттігін атап өтті,және сылайд түрінде түсіндіріліп анық тақырып қозғалды.

Қаулы:

2023-2024оқу жылының жылдық міндеттемесі мен,жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.Жауапты Төлебаева Г. бекітілсін.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған сәйкес оқу жосары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін..

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы:

Кудирбекова Ш.Б.

Төлебаева Г.Б.



ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы.

№2

10.11.2023ж

Қатысқаны: 9

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер.

Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз» Дөңгелек үстел.

1. Педагогтар кеңесі тақырыбына кіріспе сөз.
2. Тақырыптық шолудың қорытындысы туралы.
3. Заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Әдіскер: Төлебаева Г №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің нәтижелерімен танысты, шешімнің барлық тармақтары орындалды.

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі: Кудирбекова Ш.Б. мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарының мақсаттарын, міндеттерін, және негізгі принциптерін тағы бір рет еске түсірді. Ол жаңа құжатта мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылығы сақталатын және мектеп жасына дейінгі баланың табиғаты сақталған балаға және ойынға жеке көзқарас бірінші орынға қойылғанын атап өтті.

Балалар іс-әрекетінің жетекші түрлері: ойын, қарым-қатынас, қимыл-қозғалыс, танымдық зерттеу, өнімді және т.б болады. Балалармен жұмыстың белгілі бір формалары бала әрекетінің әрбір түріне сәйкес келетінін атап өткен жөн. Әзірленген стандарт білім берудің оқу-тәртіптік моделін мектеп жасына дейінгі баланың өміріне көшіруге мүмкіндік бермейді.

Мектеп жасына дейінгі бала бұл ойнайтын адам, сондықтан стандартта оқыту баланың өміріне балалар ойынының қақпасы арқылы енетінін қарастырды..

Педагогикалық ұжым кәсіби шеберліктің үлгісі болуы керек, нәтижелі жұмыс істеу үшін қолайлы моральдік-психологиялық ахуалды қалыптастыруға атсалысуы керек екенін атап өтті.

2.ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер Төлебаева Г мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің негізгі міндеті балаларда эмоционалдық жайлылық пен психологиялық қауіпсіздік сезімін қалыптастыру екендігіне назар аударды. Балабақшада баланың өзін жақсы көретін және бірегейлігін сезінуі маңызды. Білім беру жүйесі өмірлік маңызды функцияны орындайды, атап айтқанда оқушылардың әлеуметтік тәжірибе әлеміне енуіне көмектесу және қолдау функциясы мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму заңдылықтары, олардың денсаулығының көрсеткіштері, жалпы сөйлеу даму деңгейі, сонымен қатар эмоционалдық –қажеттілік саласы. Бақылау барысында мемлекеттік білім стандартына сәйкес талдау жасап мыналарды анықтады.

Барлық дерлік топтар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай безендірілген және жабдықталған, СанПин талаптарына сәйкес, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

Барлық ойын жабдықтары санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, гигиеналық, педагогикалық және эстетикалық талаптарға сәйкес болуы.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуі іске асырылып жатқан бағдарламаларға сәйкес келеді. Және келесі ұсыныстар беріледі.

1. Кеңістікті (тәрбиешәлер де балаларда) өз бетінше өзгертуге мүмкіндік беретін мектепке дейінгі білім беру мекемесінің және топтардың пәндік ортасын икемді және серпінді ұйымдастыру.

2. Ойын, кітап бұрыштарын толықтыру.

3. Мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес топтардың пәндік-кеңістік даму ортасын жабдықтауды жалғастыру керектігі айтады.

4. Дамытушы орта балны әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді. Осылайша, заттық-кеңістік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-әуқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану деді.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіздік
- әртүрлі
- мазмұны
- көп атқарымды
- өзгермелі
- тартымды

Жас топтары бойынша заттық-кеңістік дамытушы ортаға қойылатын талаптар ;

1) ортаңғы топта;

Дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар , сурет салуға арналған құралдармен жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар , танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар , шағын моделдер.

2) Ересек және орта топтарында.

Дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар , сауат ашу алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әр түрлі материалдар , баспа әріптері, сөздер, кестелер , боямақтар, сандары бар оқулықтар , сандар мен әріптері бар үстел үсті ойындары , ребустар , оқу құралдары, басылымдар, балалар

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы.

№3

15.01.2024ж

Қатысқаны: 14

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер.

Тақырыбы: «Балабақшадағы дене шынықтыру сауықтыру ,спорттық мерекелердің ұйымдастыру жұмыстарының маңыздылығы.»

Доңгелек үстел

1. Педагогикалық кестедегі қабылданған шешімдерінің орындалуы.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің дауын ұйымдастыру жұмыстарының түрлері.
3. Күн тәртібіндегі дене жаттығулары ,таңғы гимнастика,күндізгі ұйқыдан кейінгі дене жаттығулары.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші: Кудирбекова Ш.Б. өткен пед кеңестің шешімі бойынша сенсорлық тәрбиеге арналып жасалған дамыту ортасының жұмысына жақсыдеген баға берді. Дауыту ортасына қойылған ойыншықтардың санитарлық гигиеналық,психолгоиялық талапқа сай екендігін айтып өтті. Топ тәрбиешілері мен әдіскер: Төлебаева Г. алғыс білдірді. Жарыс сөзге шыққан тәрбиешілер ата-аналардың тарапынан ризашылық сезімдерін білдірді.

Екінші мәселе бойынша ересек,ортаңғы топтарының мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің дамуын ұйыдастыру жұмыстарының түрлерінің өте көп екендігін, осының бәрі бала денсаулығын арттыру мақсатына арналғанын айтып өтті. Өзінің жыл бойына өткізген спорттық ойындары мен түрлі ойындары туралы әріптестермен бөлісті.

Үшінші мәселе бойынша медбикесі сөзге шықты. Дене тәрбиесінің мақсаты баланың денсаулығын сақтау және нығайту. Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсарту,оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұрған міндеттердің ең бастыс өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы балабақшада бала денсаулығын нығайту және сақтау ең бірінші кестедегі мәселе. Баланың жүйке жүйесі сыртқы ортаның әр түрлі әсерінен сезімтал болып келетіндіктен балалар тез шаршайды, сондықтан ұзағырақ тынығуды қажет етеді.Демалыстың ең басты түрі ұйқы. Ұйқы кезінде адамның орталық жүйке жүйесі тынығады,сол кезде жүрек соғысы азайып, тыныс алуы баяулайды, бұлшықеттері босап, ағза толық демалады.

Егер баланың ұйқысы тынш болмаса ағзасы толық тынықпай баланың денсаулығына зиян тигізеді. Күндізгі ұйқы 2-2,5 сағатқа созылуы мүмкін. Түскі ұйқы 3-5, жастағы балаларға оқу қызметі барысында берілген ақпаратты есте сақтауға көмектеседі. Жалпы бүлдіршіндер 11-13сағаттан ұйықтау керектігін ескертті. Балабақшада дене жаттығулары мынандай түрлерге бөлінеді;таңертеңгі жаттығу, кимылды ойындар, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм. Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысының жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығу мен жүйелі айналасушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоцияналдық өрлеу басталды,ең қабілеттілігі артады, балаларды тәртіптендіреді. Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді. Бір уақыттың ішінде бірге жүргізілген біл қалыпты қыймыл қызметінде жүгіріп, секіріп, үлгеріп, алып ұшқан балалар тынышталады, ал белсенділігі төмендері белсенділенеді. Тәрбиешінің түскі ұйқыдың кейінгі сергіту гимнастикасын дұрыс таңдауы баланың дене бітіміне жайлылық және психологиялық жағымды әсер беріп,күні бойы сергек жүруге ықпалын тигізеді. Ұйқыдан ояту кезінде 1-1,5минут ақырын ,ырғақты әуен қойып, оярудың міндетті шарттарын сақтай отырып, баланың жаймен оянуына мүмкіндік беру керек.

Түскі ұйқыдан кейінгі жаттығулардың негізгі кезеңдері :

Төсектегі жаттығулар ;

Ойын түріндегі жаттығулар мен массаждар; Табанға арналған төсеніш үстімен жүру .

Бала бастапқы қалыпта арқасына жатады ,қолын денесінің бойымен ұзыннан созып, денесін еркін ұстап тыныштықта болады. Алдымен төсекте орындалатын қарапайым керілу жаттығуларын жасатып, содан соң «Велосипед, «Мысық, «Ит», «Кепіркөсак», «Қайық» секілді күрделі қол мен аяқтарын көтеру арқылы жасалатын жаттығуларға көшкен дұрыс деп ойын аяқтады

Шешімі: 2023-2024 оқу жылының жаздық сауықтыру жоспары бекітілсін .Жауапты медбикемен топ тәрбиешілері бекітілсін .

2. Жас топтарына сәйкес құрылған жаздық оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің кестесі бекітілсін. Ұйымдастырылған қызметі бекітілген жоспарға сәкес жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы :

Жиналыс хатшысы:



Рудирвекова Ш.Б.

Телебаева Г.Б.

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасының

Педагогикалық кеңес

№4

Өткізілген уақыты: 25 наурыз 2024 жыл

Тақырыбы: Тәрбиелеушілердің қарым қатынас дағдысы

Мақсаты: Тәрбиелеушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру

Барлық педагоктар саны :14

Күн тәртібі

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру»баяндама
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдыларды игерудің жолдары» кеңес
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі келесі педкеңес тапсырмасы: «Отанды,анатілін сүю , ұлттық бірегейлөкпен азаматтық негіздріне және патриотизиге баулу»

1. ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша, балбақша меңгерушісі 3 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балбақшада балалардың дене бітімін жан-жақты дамуына жағдайлар дасағанын, сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты қмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тауып жатқанын айтты

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, тәрбиеші, «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Онда мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік құзіртті және оның құрылымы үш компоненті тен мотовитсиялық –жеке, мінез –құлық және танымдық элемент тұратын атап, оларға жеке тоқталды. Мектеп жасында дійінгі баллардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру балаға айналадағы адамдарды түсіну, ересектермен айқын тілде сөйлесу, жағдайға лайытты түрде сезім мен эмоцияларды білдіріп сұрақтар қоюға ауышша және ауышша емес қарым-қатынас жолдарын пайдаоануға мүнкіндік беретін айтты. Ол үшін, оқу үдерісіне балалармен қарым-қатынас жасағанда біз белгілі біл ережелерді сақтауы керек. Мәселен, әрбір баламен жеке байланыс орнатылуы тиіс, сіз баланың көз деңгейінде сөйлесу керексіз, баланың ойын ықпалын жасайды. Ойын арқылы баланың дене сымбатын қалыптастырады,өзіне деген сенім артады. Ойын дегеніміз жаттығу, ол

арқылы өмірге әзірленеді. Баланың бірінші әрекеті ойын. Ол ешқашанда жалғыз ойнамайды. Ойын барысында өзара қарым-қатынас жасайды деді.

Үшінші мәселе бойынша ойын мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті Торайғыров «Ойын балалықтың қанына азық» деп бекер айтпаған. Ойын баланың бір қызығушылығы, мүмкіншілігі, бейімділігі анық байқалды. Өздіктерінен түрлі ойлау тапсырмаларын шешеді, суреттейді, заттарды топтастырады.

- Балалардың сөздік қорларын дамыту;

- жаңа сөздерді меңгерту;

Үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, байытып отыру басты міндет саналады. Ойын үстінде бала ешнәрсеге тәуелсіз. Ол еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлесу ойын үстінде қалыптасады. Тәрбиеші бақылау заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Ұжымдық ойында жолдастықты, ауызбіршілікті, құрбы-құрдасын сыйлауды түсінеді.

Тәрбиешілердің ойын картотекасынан, жинақтарынан жасалған көрмесі тамашаланады.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер жылдық қорытындыны диаграммамен көрсетіп, жыл бойына атқарылған оқу іс-әрекетіне талдау жасады.

Шешімі:

1. «Ойынның баланың шығармашылық қабілетін дамытудағы орыны» тақырыбындағы дайындаған материалдарды қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Пед кеңес шешімдерінің орындалуын қадағалауды өзімнің жауапкершілігіме жүктелсін.
3. Балабақшаның жылдық есебі жақсы деп бағаланып, қабылданын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Кудирвекова Ш. Б.

Төлебаева Г. Б.

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасының

Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы.

№5

27.05.2024ж

Қатысқаны: 14

Қатыспағандар саны: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер

Тақырыбы: «Ойынның баланың шығармашылық қабілетін дамытудағы орны,жылдық есеп»

1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы. Менгеруші: Кудирбекова Ш.Б.

2.Ойын бала үшін нағыз өмір талқылау сұрақтары.

Балалардың сөздік ойындарды меңгерудегі тәрбиешілердің рөлі.

3. С.Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» тақырыбы аясында дискуссия.Ойындар атрибутынан, буклетінен, жинақтарынан көрме.

4.Жылдық есеп(әдіскер, медбике, пән мұғалімі,тәрбиешілер) оқу жылының қорытындысы мониторингіне талдау жасау.

Тыңдалды.

Бірінші мәселе бойынша өткен педкеңесте қаралған «тәрбиеленушінің өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуін ұйымдастыру» мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сөздік ойындар топтамасының жасалғанымен балалармен оқу-тәрбие қоладанудың жеткіліксіздігін атап өтті. Тәрбиеші ойынды ұйымдастыру барысында шалағайлыққа орын бермеуді ескертті.

Екінші мәселе бойынша педагогтар арасында ойын туралы дискуссия өтті. Өздерінің тәжірибиесі барысындағы есте қаларлық қызықтары мен ойын барысында туындаған қиындықтары туралы айтып өтті. Ойын бала үшін нағыз өмір,шындық. Себебі ойында жеңілген бала өмірден жеңілгендей сезімде болады бұл әсіресе ересек топ балалары арасында көрініс табады. Балаларды жеңіске де жеңіліске де дайындау керек.

3.Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша,балабақша әдіскері «Мектеп жасына дейінгі баларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» тақырыбында кеңес берді. Балалардың әлеументтік-жеке-тұлғалық дамуы-мектепке дейінгі білім беру үдерісі бағыттарының негізгілерінің бірі болып,адамгершілік және эстетикалық құндылықтармен тығыз байланыста екенін де атап көрсетуге болатыны айтты. «Ойын қызметін ұйымдастыруда әр балаға жеке тұлғалық қатынас баланың тұлғалық дамуында маңызды мғынаға ие.

